

«БЕКІТЕМІН»
«Арнаулы кәсіптік колледжі»
КММ - нің директоры

Р.Аяпбергенова
«15» _10_2021

Әкелер кеңесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Арнаулы кәсіптік колледжінің Әкелер кеңесінің ережесі ҚР Білім Заңы, ҚР «Бала құқығы туралы» Заңы, ҚР «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» Заңын негізге ала отырып жасалды.

1.2. Әкелер кеңесі қызметі Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті-құқықтық актілерімен іске асады.

1.3. Әкелер кеңесі колледждің ата-аналар жиналысының бөлімі болып табылады.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Әкелер кеңесін құрудың мақсаты отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.

2.2. Өз қызметінде Әкелер кеңесі келесі міндеттерді шешеді:

2.2.1. Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда колледжге көмек көрсету.

2.2.2. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау

2.2.3. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

3. Әкелер кеңесінің құзіреті

3.1 Әкелер кеңесі құзіретіне кіреді:

- білім алушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында қоғамдық бақылауды ұйымдастыру;
- өмірлік қиын жағдайға тап болған ата-аналармен, білім алушылармен қоғамға жат әрекеттер мен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсініктеме жүргізу;
- педагог қызметкерлерге білім алушылардың ішімдікке, темекі тартуға, қоғамға қарсы жат мінез құлықтар көрсетуінің алдын алу шараларын ұйымдастыруда көмек көрсету;
- кеңеске жергілікті басқару мекемесінен, қоғамдық ұйымдардан өкіл, жеке кәсіпкерлерді, бұқаралық ақпарат қызметкерлерін шақыру;

4. Әкелер кеңесінің құқығы мен жауапкершілігі

4.1. Әкелер кеңесінің құқығы:

- жасөспірімдердің қоғамға қарсы әрекеттерімен, қиын отбасылармен жұмыс істеуге, шешімдер шығаруға;
- жасөспірімдердің құқығы мен заңды қызығушылықтарын қорғауда өз көзқарастарын кіргізе алады;
- жасөспірімдерді қоғамға жат мінез құлық көрсетуге, құқық бұзуға тартатын ұйымдарды, жеке адамдарды жауапкершілікке тарту мақсатында мемлекеттік орындарға шағым жасауға;
- сұрақтарға жауап беру үшін әкелер кеңесі құқық қорғау қызметкерлері, қамқоршы және қорғаншы орындарынан сұрақтарға жауап беру үшін қызметкерлер шақыра алады;
- әкелер кеңесі қабылдаған шешіммен барлық қызығушы адамдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы мекемелер таныса алады.

5. Әкелер кеңесі мүшелері

5.1. Әкелер кеңесі мүшесі болып ата-аналар ұсынған (заңды өкілдері) әкелер бола алады.

5.2. Әкелер кеңесі шақыруымен әкелер кеңесі жұмыстарына жергілікті өзін-өзі басқару мекемелері, Ішкі істер қызметі инспекторы, қамқоршылық бөлімінен қызметкерлер қатыса алады.

5.3. Әкелер кеңесінде дауысты тек әкелер кеңесі мүшелері, Ішкі істер қызметі инспекторы, қамқоршылық бөлімі өкілі бере алады.

5.4. Отырысты бірінші жиналыста көп дауысқа ие болып сайланған төраға жүргізеді.

5.5. Хаттама жазу үшін кеңес мүшелері ішінен хатшы сайланады.

6. Әкелер кеңесі жұмысын ұйымдастыру және жүргізу

6.1. Әкелер кеңесі отырысы жылдық жоспар бойынша өткізіледі немесе кезектен тыс мәселелерді шешуде жылына 2-ден кем емес.

6.2. Әкелер кеңесі мүшелері колледж бұйрығымен бекітіледі.

6.3. Әкелер кеңесі отырысы мүшелерінің 2/3 бөлігі жиналғанда өкілетті болып табылады.

6.4. Әкелер кеңесі шешімін мүшелерінің 50 пайызы дауыс берілгенде қабылданады.

6.5. Әкелер кеңесі хаттамамен рәсімделеді, онда уақыты, қанша адам жиналғаны және қаралған мәселелер көрсетіледі

6.6. Әкелер кеңесі отырысының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды.

«БЕКІТЕМІН»
«Арнаулы кәсіптік колледжі»
КММ - нің директоры
_____ Р.Аяпбергенова
«14» _10_2021

«Парасат» әкелер кеңесінің жұмыс жоспары
2021-2022 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ата аналар жиналысында «Парасат» әкелер кеңесін құруды ұсыну	Қазан	ДТЖО И.Амирханова
2	«Парасат» әкелер кеңесінің жоспарын бекіту	Қазан	ДТЖО И.Амирханова Әкелер кеңесінің төрағасы
3	«Әке – отбасы қорғаны» Семинар тренинг	Қараша онлайн	Әкелер кеңесі Пед-психолог
4	Колледжішілік қадағалауда тұрған білім алушылармен құқық бұзушылықтардың алдын-алу жөніндегі әңгімелер жүргізу	Желтоқсан онлайн	ДТІЖ орынбасары Әкелер кеңесі Пед-психолог
5	Білім алушылардың денсаулықтарын сақтау жұмыстарына ықпал ету, салауатты өмір салты құндылықтарын насихаттау	Қаңтар онлайн	Әкелер кеңесі ЕДШ пәнінің оқытушысы
6	Темекі, насыбай, ішімдік, нашақорлық сияқты әрекеттердің ағзаға келтіретін зияны туралы әңгімелер жүргізу	Ақпан онлайн	Ата-аналар кеңесі әкелер кеңесі Пед-психолог
7	«Балам үйде, қылығы түзде» Колледж ішкі тәртіп ережесін бұзудың алдын-алу жұмыстары	Наурыз	ДТІЖ орынбасары Әкелер кеңесі
8	«Әке биігі мен құдіреті» тақырыбында сұқбат жүргізу	Сәуір	Ата-аналар кеңесі әкелер кеңесі Пед психолог
9	Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау	Мамыр	ДТІЖ орынбасары Әкелер кеңесі Пед-психолог
	«Әдет-құрып, салт-дәстүрді үйрету мектеп бағдарламасының оқу процесінде жоқ		
10	Әкелер кеңесінің жұмысын әлеуметтік желіге жариялап отыру	Жыл бойы	Ж.Қожахметова

Әкелер кеңесінің төрағасы

Мырзабаев Жанболат

Арнаулы кәсіптік колледж бойыша 2021-2022 оқу жылына
Әкелер кеңесінің құрамы

№	Аты жөні	Мекен жайы	Байланыс номері	Жұмыс орны	Кеңесте
1	Мырзабаев Жанболат	Түркістан облысы, Кентау қаласы, Бөгенбай батыр көшесі 8	87756662031	Дәнекерлеуші	Кеңес төрағасы
2	Райла Тоқты	Түркістан облысы, Кентау қаласы Сейфуллин 52/4	87057271234	Жұмыссыз	мүшесі
3	Сейдалиев Қалдыбай Дүйсенбаевич	Түркістан облысы Таукент елді мекені, Нұрсұлтан көшесі №132 үй-198 пәтер.	8 778 562 5373	КазАтомпром СаУран, рудник филиал Таукент, уч. ГТП - слесарь	мүшесі
4	Бөтешов Абат	Шымкент қаласы, Бекетті көшесі 306	87023607956	құрылысшы	мүшесі
5	Зайнишов Қайрат	Түркістан облысы, Кентау қаласы Әл фараби көшесі 65 / 1	+77766665218	Кентау шұғыласы газетінің редаторы	мүшесі
6	Тимур Инкарбеков	Түркістан облысы, Кентау қаласы Б.Момышулы көшесі 60/26	+77025939900	ҚІБ ЮПТ-ның кәмелетке толмағандар қылмысының алдын алу инспекторы	мүшесі
7	Айтжанов Нұрлан Маликханұлы	Уалиханов көш 178/8	+77767969936	АКК-нің ЕДШ пәнінің оқытушысы	мүшесі

Тәрбие орынбасары И.Амирханова

Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі

11 сәуір 2013, Бейсенбі

Категориясы: [Психология](#)

[bibka](#)

Мектеп психологтарына арналған

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі»

Мақсаты: Отбасындағы әке мен ер азаматтың ролінің мәнін ұғындыру, әрбір тұлғаны тәрбиелеу туралы ой - пікірлермен бөлісу.

Өткізу формасы: дөңгелек үстел

Қатысқаны: 21 ата - ана

Әдісі: ой қозғау, пікірталас

Барысы:

I. Кіріспе бөлім

«Әке – шаңырақтың негізгі тірегі»

(әке туралы сөз, әкенің ролі қандай?)

II. Көрініс көрсету.

III. Ашық пікір тыңдау.

IV. Сергіту сәті.

V. Ситуациялық жағдаяттарды шешу.

VI. Қызықты сұрақтар.

VII. Қорытынды.

I. Кіріспе бөлім

Психолог: «Ана – сая болар бағың болса,

Әке - асқар тауың» дейді қазақта.

Бір күн бар, жылатар күн, жұбатар күн.

Бір күн бар, мұңайтар күн, қуантар күн.

Мейлі ол шаңырақ сәтті болсын, сәтсіз болсын,

«Әке» деген сезімді ұмытар кім, - дей отырып,

сіздерге арналған: «Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» атты дөңгелек үстелімізді ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

«Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз.

Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» дейді халқымыз, бүгінгі дөңгелек үстелімізде әке туралы ой қозғалады. Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез – құлқы, өзгелермен қарым – қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл – береке, ынтымағы үшін отағасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Оның тәрбиелік рөлі де зор. «Әке – асқар тау», «Әке – балаға сыншы» дейді халқымыз.

Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Қазақ халқында «Бір бала бар – атадан өте туады, бір бала бар – кері кете туады» деген тұжырымға, баланың қандай болмағына негіз қалайтын да әкенің өзі.

II. Көрініс көрсету.

1. Көрініс.

Ертеде бір үлкен қарт қатты сырқаттанып жатса, жалғыз ұлы келіп:

- Әке, мен сені айшылық жерде аты шыққан тәуіпке апарып емдетемін, - депті. Сөйтіп әкесін арқасына салып, жолға шығыпты. Олар ұзақ жүріпті, қас қарайған кезде алдан қарауытқан сұлбаны көрсетіп, әкесі:

- «Балам анау не? – деп сұрапты.

- «Ол – түйе» - деп жауап беріпті. Сәлден кейін әкесі әлгі жауабын қайталапты. Әке осы сауалын үшінші рет қайталап сұрағанда баласы:

- «Ол – түйе, түйе» Өзім шаршап келе жатқанда, неге сұрай бересің? - деп ренжіпті.

Сонда әкесі:

- «Балам, кішкене кезіңде мен ауыр тірліктен шаршап келіп отырсам да, сенің «Анау не, мынау не?» деп күніне жүз рет сұрайтын сұрағыңа беті қайтпасын, жігері жасымасын деп үнемі жауап беретінмін. Бұл аурудан емделейін деген ойым жоқ еді, тек бетінді қайтармайын деп көнгенмін, енді сенен сөз естігенше, үйіме барып, ажалға мойын ұсынғаным артық, мені жерге түсір» депті.

(Көріністен қандай ой түйгендері сұралады?)

1. Әке баласына неге ренжиді?

2. Баланың орнында сіз болсаңыз әкеңе қалай жауап берер едіңіз?

Психолог: Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір – шапағат көзі – әке. Әкенің бұл ролі бала – шағаның әкеге, анаға деген сүйіспеншілігімен, қамқорлығымен, ана жанын қас - қабағынан, жанарынан танығыштықпен нығая биіктей береді. Әрине, ер азамат өзінің әкелік борышын ұмытпағанда, әсіресе әйелімен қабағы жарасып, тату, сүйіспеншілікте тұрғанда, оған деген көзқарасында халқымыздың ізгі дәстүрін, өнегелі өміршен салтын, діни жол – жосығымызды ескергенде ғана оның қадір - қасиеті, бүкіл отбасын, ауылды ағайын - туысты топтастырушылық мәртебесі арта түспек. Келесі көріністі тамашалайық.

2. Көрініс.

Әкесі жұмыстан келе сала «Жұмыс дегенің құрып кетсін! Жатып алып демалғанға жететін не бар екен, шыбын жанның рахатын іздеу керек, жұмысты тек ақымақтар ғана істесін» деп өзінен - өзі ызаланады. Осыны естіген 5 - сыныпта оқитын баласы да «Сабақ күннен - күнге қиындап барады, басты ауыртып керегі не, бәрібір түсінбеймін» деген сөзді жиі айтып, оқуға салқын қарай бастайды.

1. Әкеден қандай тәрбие күтуге болады?

2. Бұл отбасындағы баланың тәрбиесі қандай болмақ?

Отбасы - адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата - ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десең, бесігіңді түзе», - деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе?

Келесі көріністі тамашалайық.

3. Көрініс.

Бір үйде төрт адам. Ата, бала, келін, немере. Кәрі кісі тәрелкені сындырып алады деп, келіні атасына тамақты темір табақпен береді. Бір күні шалдың немересі ағаш жоныпты. Әке – шешесі:

- Балам, не істеп отырсың? – деп сұрайды.

- Ертең сендер қартайып, атам сияқты болғанда тамақ ішетін ағаш астау жасап отырмын, - депті баласы.

«Әкесін сыйламағанды, баласы сыйламайды, - деген бар емес пе? Ата - анаға қатыгездік жасаған адам дүниедегі ең күнәсі көп, адамдық ардан безген жан болып саналады. Қазақ халқында ондай пенделер қатаң жазаға, қатты қарғысқа ұшыраған. Отырған әкелер, ер азаматтар өз міндетін қалай орындап жүр екен? Бірнеше сауалнама қойып, жауап қайтарады, тәрбие туралы ойларын ортаға салады.

III. Ашық пікір тыңдау.

IV. Сергіту сәті.

Қимыл қозғалыс арқылы жауап беру.

- «иә» десеңіздер - қолдарыңызды шапалақтаңыз;

- «жок» десеңіздер – аяқтарыңызды тарсылдатыңыздар;

1) Газет бетіндегі мақалалардан, теледидардағы бағдарламадан тәрбиеге байланысты сұрақтарды тыңдап, қарап жүресіз бе?

2) Балаға тәрбие беру кезінде үйде ата - ана бірдей ықпал жасай ма?

3) Бала тәрбиелеу жауапкершілігі кімде деп ойлайсыз?

- егер «әке» десеңіздер, қолды алдымызға созамыз.

- егер «шеше» десеңіздер, жымыңыз.

- егер «екеуі» десеңіздер, қолдарыңызды шапалақтаңыз.

V. Ситуациялық жағдаяттарды шешу.

Психолог: «Өмірге ұрпақ келтіріп, оны асырау арқылы әке өз міндетінің үштен бірін ғана үш міндетті орындауға қабілетті бола тұра кімде - кім оны орындамаса айыпты» деген екен педагог Жан Жак Руссо. Ендеше бүгінгі біздің дөңгелек үстелімізде отырған әкелер, ер азаматтар өз міндетін қалай орындап жүр екен? Сіздерге сауал.

1. «Баланың балалығын тыйдым дегенше, ер жеткендегі даналығын тыйдым деңіз» депті бір кеменгер. Бұған пікіріңіз қандай?

2. Ауылдағы балалардың ең ересегі сіздің ұлыңыз. Үлкендердің бірнеше рет ескеркеніне қарамастан олар үй маңында доп ойнауды доғармады. Балаңыздың қатты тепкен добы ақыры көршіңіздің терезесін сындырды. Сіздің әрекетіңіз?

3. «Әйеліңе балаң жоқ жерде ақыл айт, балаңа адам жоқ жерде ақыл айт» дейді. Сіз ақылды

қалай айтасыз?

4. Балаңыз жақсы оқиды. Тәртіпті, сыпайы болып өсіп келеді. Жаңа үй сатып алуыңызға байланысты оны басқа мектепке ауыстырдыңыз. Сабаққа белсенділігі төмендеген сияқты. Мінезіне де өзгерістер енгендей. Бұрынғыдай емес, ашуланшақ. Бірнеше рет себебін сұрағаныңызбен еш нәрсе айта қоймады. Енді не істейсіз?
5. Жеткіншегіңіз жақсы оқиды. Тәртібі де онды. Бірде сынып жетекшісі үйге телефон соқты. «Бүгін ұлыңыз сабаққа келмеді. Бұдан бұрын да бірнеше рет келмей қалған»деді. Сіздің оны мектепке жібермеген күніңіз болған жоқ. Енді не істейсіз?
6. Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер. 4 - 6 жастағы бала күніне көптеген сұрақ қоятын көрінеді. Мысалы: түн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады... деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз да осындай сауалдарды көп қойса, жауап беруге тырысасыз ба, жоқ, әлде елеусіз қалдырасыз ба?
7. Сізге мектептегі мұғалімдерден «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылды. Тағы көрші ата - аналардан да «біздің баланы ұрды» деген сөз естуге тура келді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?
8. Кейбір ата - аналардың баласының әрбір істеген іс - әрекетіне көңілі толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың?»- деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс – әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?
9. Балаңыз сабақтан қашып, мектептен ерте келді, не істейсіз?
10. Балаңыз күнде 1 - сабаққа кешігіп келеді. Қалай жөнге келтіресіз?
11. Балаңыз мектептегі бір мұғаліммен тіл табыса алмай жүр. Балаңызға қандай кеңес айтасыз?

Мектеп психологі: Есбосынов Сәбит «Көпір»тренингі

VI. Қызықты сұрақтар.

1. Балаңыздың туған күні?
 2. Сынып жетекшісінің толық аты - жөні
 3. Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?
 4. Балаңыздың парталас көршісі кім?
 5. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
 6. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
 7. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
 8. Балаңыз 1 - сыныпқа қай жылы барды?
 9. Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз?
 10. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?
- Отырған әкелерге парақшалар тарату;
- өзі қандай әке?
 - баласы қандай?

VII. Қорытынды.

Ата - анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі.

Көңіліне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой - өлкесі,- деп Абай атамыз айтқандай ата ананың қуанышы, гүлденген үміт арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер олардың ең басты үлгі болар бейнесі екенімізді ұмытпайық. «Әкеге қарап ұл туар» демекші, жақсы мінездер мен асыл қасиеттерді ардақтай білейік, атымызға сіңіріп, бойымызға дарыта білейік.

Бүгінгі дөңгелек үстелімізді қорытындылау үшін мектебіміздің директоры Исбусинов

Әкімжан Хамитұлына сөз беріледі.

Келесі сөз кезегін 6а сынып жетекшісі Құдабаева Зина апайға, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Бошымова Жеңіс апайға береміз.

Психолог: Құрметті қонақтар, бүгінгі дөңгелек үстелге қатысып, пікір алмасып, көзқараспен бөлісіп, сұрақтарға жауап беріп атсалысқандарыңызға көп - көп рахмет. «Бала тәрбиесі баршамыздың борышымыз» екенін естен шығармайық. Келгендеріңізге рахмет. Қош сау болыңыздар